Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Тілдік дайындық кафедрасы

**Бекітемін**
**Тілдік дайындық**
**кафедрасының аға оқытушысы**
**_______________А.М.Дүйсембеков**
«16» 05. 2023 ж.

**«Жылдам оқу» пәні бойынша**

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

**«6В12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған**

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр:2
кредит саны: 1

Қарағанды, 2023

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Тілдік дайындық кафедрасы

**Бекітемін**
**Тілдік дайындық**
**кафедрасының аға оқытушысы**
**_____________ А.М.Дүйсембеков**
«16» 05. 2023 ж.

«Жылдам оқу» пәні бойынша

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

«6В12301 – Құқық қорғау қызметі» **білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған**

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 2
кредит саны: 1
аудиториялық (тәжірибелік) сабақ: 30 сағат
межелік бақылау: 2
бақылау нысаны: дифференциалдық сынақ

Қарағанды, 2023

«Жылдам оқу» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен

«6В12301–Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған, 55 б.

Құрастырғандар: А. М. Дүйсембеков
тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Л. И. Казанаева
тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы

Қазіргі таңда мәтінді жылдам, мұқият, түсініп оқу және оқыған ақпаратты еркін жеткізу – шеберлік. «Жылдам оқу» пәнінің когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика сияқты тіл білімінің жаңа бағыттарымен тікелей байланысы бар. Когнитивтік лингвитиканың зерттеу нысаны тілдің танымдық жүйесі болса, прагмалингвистика адамның коммуникативтік қызметін ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) екі бағытта қарастырады. Ендеше, «Жылдам оқу» пәнінің «Құқық қорғау қызметі» мамандығында маңызы зор екендігі сабақ барысында айрықша көрсетіледі.

ПӘС мәжілісінде қарастырылды
«16» 05. 2023 ж., № 9 хаттама

Кафедра мәжілісінде
«16» 05. 2023 ж., №18 хаттама
бекітілді.

Тілдік дайындық кафедрасының
аға оқытушысы — А.М.Дүйсембеков

© ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023ж.

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| 1. | Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) |
| 2. | Пәнді оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулар |
| 3. | Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық. |
| 4. | Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыбы, емтихан сұрақтарының тізімі, тесттер және межелік бақылауға арналған сұрақтар) |
| 5. | Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету. |
| 6. | Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы (ақпарат көздері бойынша анықтама). |

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Тілдік дайындық кафедрасы

**Бекітемін**
**Қазақстан Республикасы ІІМ**
**Б.Бейсенов атындағы**
**Қарағанды академиясы**
**бастығының орынбасары**
**полиция полковнигі**
**_______________ С.Ералина**
**«20» 07 2023ж.**

**«Жылдам оқу» пәні бойынша**
**жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**
«6B12301 Құқық қорғау қызметі»
білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған

оқыту нысаны: КДФ
курс: 1
семестр: 2
кредит саны: 1
аудиториялық (тәжірибелік) сабақ: 30 сағат
КОӨЖ: -
КӨЖ: -
межелік бақылау: 2
бақылау нысаны: дифференциалдық сынақ

Қарағанды, 2023

**«Жылдам оқу» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS) «6В12301–Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған, 34 б.**


Құрастырғандар: Дүйсембеков Айдос Мерекеұлы
тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Казанаева Лилия Игоревна
тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы


Кафедра отырысында қарастырылды
« 16 »мамыр 2023 ж., № 18 хаттама

Тілдік дайындық кафедрасының
аға оқытушысы А.Дүйсембеков

ОӘК отырысында бекітілді
« 20 » шілде 2023 ж., №11 хаттама


© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023

## 2.1. Алғы сөз

Қазіргі таңда мәтінді жылдам, мұқият, түсініп оқу және оқыған ақпаратты еркін жеткізу – шеберлік. «Жылдам оқу» пәнінің когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика сияқты тіл білімінің жаңа бағыттарымен тікелей байланысы бар. Когнитивтік лингвитиканың зерттеу нысаны тілдің танымдық жүйесі болса, прагмалингвистика адамның коммуникативтік қызметін ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) екі бағытта қарастырады. Ендеше, «Жылдам оқу» пәнінің «Құқық қорғау қызметі» мамандығында маңызы зор.

## 2.2. Негізгі ақпарат:

| | |
|---|---|
| 1.Шифр және мамандық атауы | 6В12301 - Құқық қорғау қызметі |
| 2.Курс, семестр | 1-курс 2-семестр |
| 3.Пән циклы | Факультатив |
| 4.Кредит саны | 1 кредит |
| 5.Сабақ өткізу орны | Оқу аудиториясы |
| 6.Сабақ өткізетін оқытушы | Аға оқытушы Дүйсембеков Айдос Мерекеұлы, оқытушы Казанаева Лилия Игоревна, тілдік дайындық кафедрасы 2-оқу кешенінде, 2-қабатта орналасқан, байланыс телефоны: 303413 |

**2.3. Пререквизиттер:** Жылдам оқуды үйрету немесе үйрену үшін белгілі бір мөлшерде сөздік қорды меңгеру қажет. Қазақ тілінің тілдік материалдарды фонетика, лексика, морфология, синтаксис салалары негізінде жасалынып, тілдегі элементтердің бір-бірімен байланысты, грамматикалық құрылысы белгілі дәрежеде жүйелі беріліп, сөйлеу, сөйлесу, оқу, жазу жұмыстары үнемі қатарласа жүргізілетіні ескеріліп, тілдік принцип негізінде қарастырылады. Курсанттарға ұсынылатын лексикалық материал мәтіндер арқылы беріледі. Мәтіндер арнайы заңгерлік және әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты екі түрғыда қарастырылады. Сонымен қатар күнделікті өмірде, түрлі қарым-қатынасқа байланысты мәтіндер қамтылады.

**2.4. Постреквизиттер:** Курсанттар «Жылдам оқу» пәнін толық меңгерген кезде өзгенің айтқанын (мақал-мәтелді, қанатты сөздерді, тұрақты тіркестерді, би-шешендердің шешімін қолданғанда) толық түсіне алатын, кез келген адаммен заң терминдері тілінде толық түсінетін, қарым-қатынасты сауатты жүргізе білетін болып қалыптасуы шарт. Сонымен қатар, халқымыздың өткені мен бүгінін салтын, әдеп-ғұрпы, ертегі мен аңыздарын, жырларын, айтыстарын, хандары мен би-шешендерін, қуғын-сүргін құрбандарын, көркем тіл зергерлерінің мұраларын, мақал-мәтел, қанатты сөздерін, заң саласына қатысты көркем әдебиеттерді, қайраткерлердің, шешендік сөздерін жас ұрпаққа жеткізу.

**2.5. Пәннің мазмұны:** «Жылдам оқу» пәні арқылы курсанттарға тілдік материалдармен жұмыс жасау тәсілдерін меңгерту, сөздік қорын толықтырып,

сауатты сөйлесе білуге үйрету, арнайы мәтіндерді түсініп оқуға, өз ойын толық еркін жеткізе білуге мүмкіндік жасау.

**Пәннің міндеті:** қамтылған тілдік деңгейлер аясында қатысымдық (коммуникативтік) және танымдық (когнитивтік) міндеттердің орындалуы барысында жүзеге асырылады. Тілдік материалдарды ұғыну, заң терминдері мен соған қатысты атаулардың аудармасын білу, сөйлесе білу дәрежесіне жеткізу, мәтінді талдау, есту, оқу, оны түсіну деңгейінен оқыған немесе тыңдаған мәтіннің мазмұнын айту, жаза білу деңгейіне дейін жеткізеді.

Әр тақырыптың қысқаша мазмұны:

Тақырып №1 Жылдам оқудың басымдылығы.

Тәжірибелік сабақ №1 Жылдам оқудың басымдылығы. Жылдам оқудың басымдылығы туралы түсінік. Кітап оқуға дайындық. Оқуға ыңғайлы отырыс. (М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» кітабымен жұмыс). Жылдам оқудан рекорд орнатқан тұлғалар туралы ақпарат. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабымен, Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңының 4-бабымен жұмыс: түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

Тәжірибелік сабақ №2 Жылдам оқудың басымдылығы. «Жылдам оқу қабілетін дамыту – күрделі жұмыс» тақырыбы бойынша ақпаратпен жұмысты ұйымдастыру. Профессор Лоуэлл Лиис, Эвелин Вуд туралы қызықты фактілер. Кітапты дұрыс таңдай білу. Кітапты не үшін оқисыз? Пайда алу үшін бе, әлде ой-өрісін кеңейту үшін бе? Ұсыныс. Кітапты тез шолу. Мазмұнын қарау. (М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс).

Тәжірибелік сабақ №3 Жылдам оқудың басымдылығы.

Дауыстап оқу, іштей оқу туралы түсінік. «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» кітабында берілген жылдам оқудың тәсілдерін негізге ала отырып, функционалды стильдің әрбір түрімен жұмыс жүргізу: мәтінді жылдам оқып, мазмұнын айту. (М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс). Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу.

Тәжірибелік сабақ №4 Жылдам оқудың басымдылығы.

Қызықтырған бір тақырыпты ашып қарау. Сүзгі. 50 бет қағидасы. Конспект. М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген жылдам оқудың тәсілдерін негізге ала отырып, функционалды стильдің әрбір түрімен жұмыс жүргізу: мәтінді жылдам оқып, мазмұнын айту.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: «Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу.

Тәжірибелік сабақ №5 Жылдам оқудың басымдылығы. «Оқығаныңды есте сақтау жолдары». «Байлыққа апарар құпия хат. Қорытынды жасау». «Интеллект-карта жасауға 11 қадам» тақырыптары бойынша мәтіндермен жұмыс. (М.Кесебаевтың («Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері»

еңбегінің мәтінімен жұмыс). Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту.

Тәжірибелік сабақ №6 Жылдам оқудың басымдылығы. «Көп кітап оқудың пайдасы бар ма?» «Оқырманға кеңес» туралы ақпаратпен жұмысты ұйымдастыру. Оқу жылдамдығын тексеру: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту.

Тақырып №2 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәжірибелік сабақ №1 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту. Көру, есте сақтау қабілеті туралы түсінік. Есте сақтау қабілеті – психиканың маңызды сипаттамасы. Есте сақтау қабілетін дамыту жолдары. Есте сақтау қабілетін дамытудың 13 тәсілі. Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Жылдам оқу кезінде көру, есте сақтау қабілетінің рөлі.

Тәжірибелік сабақ №2 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту. Син Адамның өмірбаяны. Менің ғажайып көздерім. Көзбен емес, мимен оқисыз. Көздің шекарасын кеңейту. Шульте кестесі. Шульте кестесінің пайдасы. 2-3-5-3-2 техникасы (М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс). Шульте кестесімен жұмыс. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту. 2-3-5-3-2 техникасымен жұмыс.

Тәжірибелік сабақ №3 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту. Көру және есту арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. Шульте кестесімен жұмыс. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту. 2-3-5-3-2 техникасын пайдаланып, Қазақстан Республикасы кодекстерімен жұмысты ұйымдастыру.

Тәжірибелік сабақ №4 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту. «Салаға байланысты кітап таңдау», «Теріп оқу», «Кітапты қай тілде оқисыз?», «Бір жанр немесе бірнеше жанр?», «Рецензия» деген тақырыптар бойынша мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру. Әр түрлі жанрлардағы шығармалармен жұмысты ұйымдастыру: мәтінді жылдам оқу, мазмұндау. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту.

Тәжірибелік сабақ №5 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту. Есте сақтау қабілетін арттыратын 7 жаттығу. Сандарды есте сақтау қабілетін дамыту. Әр түрлі жанрлардағы шығармалармен жұмысты ұйымдастыру: мәтінді жылдам оқу, мазмұндау. 2-3-5-3-2 техникасын пайдаланып, Қазақстан Республикасы

Қылмыстық кодексінің 1 бабын, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту.

Тәжірибелік сабақ №6 Көру, есте сақтау қабілетін дамыту. «Есте сақтаудың заңдылықтары», «Есте сақтау қабілетін жақсартудың 10 әдісі», «Көру арқылы есте сақтау қабілетін жетілдіру», «Жылдам оқу және есте сақтау тәсілі», «Жылдам оқу технологиясының артықшылықтары» тақырыптары бойынша мәтіндерді түсініп оқу. Шульте кестесімен жұмыс. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту. 2-3-5-3-2 техникасын пайдаланып, Қазақстан Республикасы кодекстерімен жұмысты ұйымдастыру.

Тақырып №3 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. Тәжірибелік сабақ №1 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. Жылдам оқу тәсілдері туралы түсінік. Шульте кестесімен жұмыс. 2-3-5-3-2 техникасын пайдалану арқылы әр түрлі жанрлардағы мәтіндері жылдам оқу. Шульте кестесінің пайдасы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Кодекстердің баптарында берілген ақпаратты мазмұндап айту. 2-3-5-3-2 техникасын пайдаланып, Қазақстан Республикасы кодекстерімен жұмысты ұйымдастыру. Тіркеспен оқу. Қазақстан Республикасының кодекстерінде берілген баптардың мәтіндерін тіркеспен оқу.

Тәжірибелік сабақ №2 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. «Метроном әдісі», «Диагональді оқу», «Вертикальді оқу», «Фотожады» туралы түсінік. Метроном әдісі», «Диагональді оқу», «Вертикальді оқу», «Фотожады» деген тәсілдерді пайдаланып, Қазақстан Республикасының кодекстерінде берілген баптардың мәтіндерін жылдам оқу.

Тәжірибелік сабақ №3 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. «Регрессияға «жоқ» деп айтыңыз», «Қалпына келтіру», «Артикуляциясыз оқу». «Бағдарламаның болмауы» деген тақырыптар бойынша ақпарат беру. Жылдам оқудың тәсілдерін пайдаланып, публицистикалық стильдегі мәтінмен жұмысты ұйымдастыру.

Тәжірибелік сабақ №4 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. Әр түрлі стильдегі, жанрдағы мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру. Жылдам оқудың тәсілдерін пайдаланып, Қазақстан Республикасының кодекстерінде берілген баптардың мәтіндерін жылдам оқу. Жылдам оқудың әрбір тәсілін қолданып, ең тиімді тәсілін таңдау.

Тәжірибелік сабақ №5 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. «Математикалық әдебиет» тапсырмасымен жұмыс. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабымен жұмыс: жылдам оқу тәсілдерін пайдаланып, түсініп оқу, ең тиімді әдісін таңдау.

Тәжірибелік сабақ №6 Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабымен жұмысты ұйымдастыру: жылдам оқу тәсілдерін пайдаланып, түсініп оқу, ең тиімді әдісін таңдау.

Тақырып №4 Дауыс ырғағын жаттықтыру.

Тәжірибелік сабақ №1 Дауыс ырғағын жаттықтыру. Дауыс ырғағы туралы түсінік. «Мелодия», «Ритм», «Темп», «Қарқындылық», «Тембр» ұғымдары. Сөзді орынды қолдану, екпін, кідіріс туралы түсінік. Тіл туралы мақал-мәтелдермен жұмыс. Дикция туралы түсінік. Әр түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру.

Тәжірибелік сабақ №2 Дауыс ырғағын жаттықтыру. Дауыс ырғағын жаттықтыруға арналған тапсырмалармен жұмыс. Сөйлеу техникасы және дикциямен жұмыс істеу. Әр түрлі стильдердегі мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру. Көркем әдебиет стильдегі мәтіндермен жұмыс: мәнерлеп оқу.

Тәжірибелік сабақ №3 Дауыс ырғағын жаттықтыру. Дауыс ырғағының дағдыларын дамыту. Жаңылтпаштардың пайдасы. Өз зейінін, эмоциясын, дауыс ырғағын басқара білу. Әр түрлі стильдердегі мәтіндермен жұмысты ұйымдастыру.

Тақырып №5 Зейінді жаттықтыру.

Тәжірибелік сабақ №1 Зейінді жаттықтыру. Зейін туралы түсінік. Зейінді дамытуға арналған жаттығулар. Шульте кестесімен жұмыс. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу.

Тәжірибелік сабақ №2 Зейінді жаттықтыру. Зейінді дамытуға арналған жаттығулар. Ресми іс қағаздар, публицистикалық стильдегі мәтіндермен топпен жұмыс. Әр түрлі жанрдағы мәтінмен жұмыс: жылдам оқу, мазмұндау. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу, мазмұндау.

Тәжірибелік сабақ №3 Зейінді жаттықтыру. Зейінді дамытуға арналған жаттығулармен жұмысты ұйымдастыру. «Фотожады» тәсілін қолданып, әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу, мазмұндау.

Тақырып №6 Көрсете отырып оқыту.

Тәжірибелік сабақ №1 Көрсете отырып оқыту. Линиялық оқу туралы түсінік. Саусақпен оқу. «Линиялық оқу» тәсілін пайдаланып, әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жылдам оқу. «Саусақпен оқу» әдісін пайдаланып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу, мазмұндау.

Тәжірибелік сабақ №2 Көрсете отырып оқыту. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45,114, 115, 125-баптарымен жұмыс: қарындашпен оқу, мазмұндап айту. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 60, 63, 208, 212-баптарын қарындашпен оқып, мазмұндау.

Тәжірибелік сабақ №3 Көрсете отырып оқыту. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын қарындашты пайдаланып, оқу, мазмұнын айту.

Тақырып №7 Жылдам оқудың құпиялы жаттығулары.

Тәжірибелік сабақ №1 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері. Жылдам оқудың тәсілдерін негізге ала отырып, функционалды стильдің әрбір түрімен жұмыс жүргізу: мәтінді жылдам оқып, мазмұнын айту. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабын жылдам оқу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1 бабын жылдам оқу, мазмұндау.

Тәжірибелік сабақ №2 Жылдам оқудың құпиялы жаттығулары. Жылдам оқудың құпиялы жаттығулары. Кодекстердің баптарын: «Тіркеспен оқу»; «Метроном әдісі»; «Диагональді оқу»; «Вертикальді оқу»; «Фотожады» әдістері бойынша оқып, ең тиімді әдісін таңдау.

Тәжірибелік сабақ №3 Жылдам оқудың құпиялы жаттығулары.

Қазақстан Республикасының кодекстерімен жұмыс: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексімен жұмыс: Кодекстердің баптарын: «Тіркеспен оқу»; «Метроном әдісі»; «Диагональді оқу»; «Вертикальді оқу»; «Фотожады» әдістері бойынша оқып, ең тиімді әдісін таңдау; мәтінді мазмұндап айту.

## 2.6. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

| № | Жұмыс түрлері | Мазмұны және мақсаты | Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме | Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес) | Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес) | Есеп беру нысаны | Тапсыру мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Бақылау жұмысы | Алынған еп-дағдыларды бекіту | Сөздіктер, анықтамалар | | 0-100 | Жазбаша | 3-апта |
| 2. | Өз бетінше жүргізілетін жұмыс | Алынған еп-дағдыларды бақылау | Сөздіктер, анықтамалар | | 0-100 | Жазбаша | 7-апта |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Ауызша сұрау | Алынған еп-дағдыны, коммуникативті дағдыны қалыптасты-ру | Сөздіктер, анықтамалар, конспектілер | | 0-100 | Ауызша | 15-апта |

**2.7. Курс саясаты мен процедурасы:**

Курсант сабақ түрлерінің барлығына қатысуы тиіс;

Курсант тәжірибелік сабақтың 1/3 жауап беруі қажет;

Қалған сабақтары бойынша өтем тапсыруға тиіс;

Аудиторияда оқу сабағынан тыс, оқуға қатысы жоқ іспен айналыспауы керек;

Сабаққа кешікпеуі тиіс;

Рефераттарды курсанттың өзі орындап, бекітілген мерзімде тапсыруы тиіс.

**2.8. Ұсынылған әдебиеттер тізімі**

| №№ р/н | Автор, атауы | Жылы, басылым орны |
|---|---|---|
| 1.Нормативтік құқықтық актілер | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Конституциясы. | 30.08.1995 ж. |
| 2 | «Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы» (13 наурыз 2000 жыл). | Астана: «Фолиант» - 2000. |
| 3 | Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. | Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2022. – 268 б. |
| 4 | Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Тәжірибелік құралы. | Алматы: ЖШС «Издательство «Норма –К», 2022. – 396 б. |
| 2. Негізгі әдебиеттер | | |
| 5 | Кесебаев М., Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері. | Алматы: «Самға» баспасы, 2020ж. – 208 б. |
| 6 | Қапасова Б.Қ. Тіл мәдениеті. Шешендік өнер. Оқулық. | Алматы, 2014. – 224 б. |
| 7 | Андреев О.Техника быстрого чтения: самоучитель по программе Школы Олега Андреева/О.А. Андреев. – 10-е изд., стер. | М.: СмартБук, 2011. – 320 с. |
| 8 | Баранова Н.И. Скорочтение. | Москва, Издательство «Э», 2016. – 256 с. |
| 9 | Жданович Ю.М., Глинская Ю.Н.Книгоед. Курс скорочтения. | ЛитРес: Самиздат (selfpub.ru) |
| 10 | Шилин А. Как научиться быстро читать. | Минск: Издательство «Харвест», 2001. – 272с. |
| 11 | Тони Бьюзен. Учебник быстрого чтения. | Минск: Издательство «Попурри», 2006г. – 308с. |
| 3. Қосымша әдебиеттер | | |

| | | |
|---|---|---|
| 12 | Р.Сыздық, Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – 8-том. | Алматы, «Ел-шежіре», 2014ж. |
| 13 | Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. | Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2007. – 312 б. |
| 14 | Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. | Алматы: Ана тілі, 1993. – 272 |
| 15 | Зиганов М.А. Скорочтение. Уникальный курс по развитию навыков рационального чтения. | Москва: Эксмо. 2013. –224с. |
| 16 | Палагин П. Скорочтение на практике. Как читать в 3 раза быстрее и хорошо запоминать прочитанное. | Москва: Эксмо. 2022. –290с. |
| 17 | Михайлов С.Е. Лучше, чем скорочтение. Как научиться читать быстрее. Издание. 2-е изд. Выходные данные. | Ростов-на-Дону: Феникс, 2007. – 255с. |
| | 4. Интернет көзі | |
| 18 | https://baribar.kz/63754/zhyldam-oqudynh-pajdasy-qandaj/ | |
| 19 | https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/48705/ | |
| 20 | https://kk.wikipedia.org/wiki/Есте сақтау | |
| 21 | https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/uroki/koru_ark_yly_iestie_sak_tau_k_abilietin_damytu | |
| 22 | https://kk.wikipedia.org/Интонация. | |
| 23 | https://kk.wikipedia.org/Зейін. | |
| 24 | https://barinbil.kz/sizge-kerek-my-yry-derek/sizge-kerek-my-yry-derek-sizge-kerek-my-yry-derek/kitap-o-u-men-zhyldam-o-udy-piyasy/ | |
| 25 | https://kk.everaoh.com/. Жылдам оқу технологиясы. | |
| 26 | «Жылдам оқу» тақырыбына байланысты бейнематериалдар: https://www.youtube.com | |


## 2.9. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

| № | Тақырып атауы | Сағат саны | Аудиториялық сағаттар | | | КОӨЖ | КӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Д | С | ТС | | |
| 1 | Жылдам оқудың басымдылығы | | | | 6 | | |
| 2 | Көру, есте сақтау қабілетін дамыту | | | | 6 | | |
| 3 | Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету | | | | 6 | | |
| 4 | Дауыс ырғағын жаттықтыру | | | | 3 | | |
| 5 | Зейінді жаттықтыру | | | | 3 | | |
| 6 | Көрсете отырып оқыту | | | | 3 | | |
| 7 | Жылдам оқудың құпиялы жаттығулары | | | | 3 | | |
| | **Барлығы** | | | | **30** | | |

**2.10. Тақырып атауы көрсетілген сабақ жоспары, сабақ түрлері, қарастырылатын сұрақтары, сабақтың түрлері мен мазмұны, ұсынылатын әдебиеттер, білім алушылардың өздік жұмыстарының жоспары**

**Тақырып** 1. Жылдам оқудың басымдылығы

**Тәжірибелік – 6 сағат**

1-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқудың басымдылығы.

**Сұрақтар:** 1. Жылдам оқу туралы түсінік.

2. Жылдам оқудың маңызы.

**Тапсырмалар:**

М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс (12-15-бб.): түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

Тіл мәдениеті туралы ақпарат түсініп оқып, жоспар құрып, мазмұндаңыз.

(Р.Сыздық, Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Ел-шежіре», 2014ж. 8-том. 25-26-бб.)

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тапсырманы орындаңыз.

Тарихта жылдам оқу қасиетімен есте қалған талай мықты тұлғалар бар. Мысалы, Наполеон Бонапарт өзінің көшбасшылығымен ғана емес, сонымен қатар оқу жылдамдығымен де ерекшеленген. Деректерге сүйенсек, ол минутына 2000 сөз оқитын болған. Француз жазушысы Оноре де Бальзак екі жүз беттен тұратын романды жарты сағатта оқып бітірген. Ал Максим Горький минутына 4 мың сөз оқи алған. Америка президенті болған Франклин Рузвельт жылдам оқу әдісін арнайы оқып, жақсы меңгерген екен. Соның нәтижесінде ол қалың кітаптарды 1-2 сағатта аяқтайтын болған [18].

Психологтердің зерттеулеріне сүйенетін болсақ, адам неғұрлым кітапты көп оқыса, соғұрлым ол адамның түйсігі және ойлау қабілеті жоғарылайды. Қарпайым адам бір нүктеге қарағанда он әріпті, кейбіреулері екі-үш сөзді ғана көреді. Жылдам оқитын адамдардың мүмкіндіктері жоғары. Ол бір оқығанда жүз немесе бес жүз белгіні және бір оқығанда отыз үш сөзді бірден көре алады. Ал ақырын оқу барысында адамдар кітапта жазылған дүниенің тек алпыс пайызын ғана қабылдайды. Ал жылдам оқығанда керісінше туындының сексен пайызын түсінуге мүмкіндік береді. Жылдамдыққа сай ақпарат тез қабылданып, тез сіңетін көрінеді. Сондай-ақ зерттеушілер жылдам оқығаннан гөрі асықпай оқығанда көздің тез талатынын анықтаған [18].

Әрбір адам жиі болмаса да, аптасына 1-2 рет қолына кітап алады. Қаланың күйбең тіршілігі жар бермей, кітапқа қарайтын уақыттың тапшылығын жоққа шығара алмаймыз. Десе де, нағыз кітаптың жанашыры немесе өзін шын оқырманмын деп есептейтін адам басқа-басқа, дәл осы кітап оқуға міндетті түрде уақыт табуға тырысады. Ақпарат алудың жаңа жолдары пайда болса да, адамзаттың кітапқа деген құрметі төмендемек емес [19].

Бәрінің де жылдам оқып үйренгісі келеді. Ол үшін нені білу керек? Біздің аз-кем кеңесімізге көз жүгірте отырыңыз. Бір кәдеңізге жарасын!

Киев қаласының тұрғыны Ирина Иваченко минутына 163 333 сөз оқып, рекорд орнатқан. Бейресми деректерге сүйенер болсақ, украиналық бойжеткен Евгения Алексеенко 1 минутта 416 250 сөз оқыған екен. Бұл Сіздің де қолыңыздан келеді [19].

Тапсырмалар:

1. Мәтінге қандай тақырып қояр едіңіз?
2. Мәтін мазмұнына жоспар құрыңыз.
3. Мәтіннен Сізге таныс емес мәліметті көрсетіңіз.
4. Мәтіндегі басты ақпаратты беріп тұрған сөйлемді жазыңыз.
5. Мәтінге байланысты 5 сұрақ жазыңыз.

Сөзжұмбақты шешіп, дәйексөзді қазақ тіліне аударыңыз.

| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | м | х | с | х | з | б | у | а | д |
| 6 | а | а | | к | | | | к | а |
| 7 | щ | о | з | ы | | К | е | в | |
| 8 | | с | к | е | | | | т | е |
| 9 | а | | з | я | | | у | | н |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 30 | 35 | 45 | 63 | 7 | 49 | 72 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 42 | 40 | 27 | 6 | 20 | 15 | 64 | 18 | 81 | 54 |

–

| |
|---|
| 56 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | 12 | 25 | 9 | 10 | 16 | 24 | 14 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 36 | 21 | 28 | 48 | 32 |

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабымен, Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңының 4-бабымен жұмыс: түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

Венн диаграммасын толтырыңыз:

| Асықпай оқу | | Жылдам оқу |
|---|---|---|

INSERT жүйесін толтырыңыз.

| Нені білдім? | Бүгінгі сабақтан қандай білім алдым? | Нені білгім келеді? |
|---|---|---|
| | | |

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау, бейнематериалмен жұмыс.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5

Қосымша әдебиет: 12,13
Интернет көзі: 26

2-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқудың басымдылығы

**Сұрақтар:** 1. Жылдам оқу қабілетін дамыту туралы түсінік
2. Оқудың түрлері мен сапасы.

**Тапсырмалар:**

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тапсырманы орындаңыз.

Жылдам оқу қабілетін дамыту – күрделі жұмыс. Мега жылдамдықпен оқып үйрену үшін бекітілген негізгі ережелерді ұстану қажет [19].

Біріншіден – езуімізді жиямыз, яғни дыбыстап оқуға болмайды. Себебі, адамның ойы сөзінен 21 есе жүйрік екендігі дәлелденген [19].

Екіншіден – таңбаларды саусақпен жүргізіп отыру қажет [19].

Үшіншіден – оқу барысында тоқтап қалуға болмайды. Оқып болған соң сөйлемдерге қайта оралудың қажеті жоқ [19].

Тағы бір білу керек ереже, ол – мәтінді түсінуге тырысып, мейлінше жылдам оқу [19].

Кітап оқыған кезде көбіміз әр сөйлемге жеке қарайды екенбіз. Миымыз назарға алып отырған сөзден 15 градус аумақтағы таңбаларды ғана қабылдай алады. Егер арнайы жаттығулар жасасаңыз, бұл аумақ 35 градусқа дейін үлкейеді. Жылдам оқу әдісін меңгерген мамандар кітаптың (парақтың) ортасына қарап-ақ сол бетте не жазылғанын біледі [19].

Осы секілді әдіс-тәсілдердің арқасында адамның есте сақтау қабілеті дамиды. Яғни қысқа ғана уақытта оқып шыққан кітабыңыздың мазмұнын толық түсінесіз. Жылдам оқу әдісінің басты мақсаты да сол – біліміңізді арттыру және уақытыңызды үнемдеу. Асықпай оқу барысында адам кітапта жазылған мәтіннің 60%-ын ғана қабылдайды. Жылдам оқығанда керісінше, кітаптың 80%-ын түсінуге мүмкіндік туады. Жылдамдыққа сай ақпарат тез қабылданып, тез сіңеді. Зерттеушілер асықпай оқығанда көздің тез шаршайтынын анықтаған [19].

Ең негізгі құпияны айтайық. Сіз оқу барысында сөзге акцент түсіресіз бе әлде ойға ма? Мәселе – осында. Егер ойға салмақ түсірсеңіз, онда кітап жылдам оқылады [19].

Тез оқу үшін, әрине, ең бірінші кезекте мүмкіндігінше көп оқуды қолға алу керек. Көп оқыған адамның жады қажетті ақпаратпен толысып, түйсігінің кеңейе түсетіні анық. Кез келген саланың амалдары мен әдіс-тәсілдері бар. Тек соны дұрыс қолдана білсеңіз болғаны. Адамның қолынан келген нәрсені Сіз де жасай аласыз [19].

Тапсырмалар:

1. Мәтінге қандай тақырып қояр едіңіз?
2. Мәтін мазмұнына жоспар құрыңыз.
3. Мәтіннен Сізге таныс емес мәліметті көрсетіңіз.
4. Мәтіндегі басты ақпаратты беріп тұрған сөйлемді жазыңыз.
5. Мәтінге байланысты 5 сұрақ жазыңыз.

М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері»

еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс (26-28-бб.): түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау, бейнематериалмен жұмыс.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5

Қосымша әдебиет:12,13

Интернет көзі: 26

3-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқудың басымдылығы.

**Сұрақтар:** 1. Жылдам оқудың тиімді тәсілдері мен әдістемесі.

2. Әдеби тілінің функционалды стилі және жылдам оқу.

**Тапсырмалар:**

М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген жылдам оқудың тәсілдерін негізге ала отырып, функционалды стильдің әрбір түрімен жұмыс жүргізу: мәтінді жылдам оқып, мазмұнын айту.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** «Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2,3,4

Негізгі әдебиет: 5,10,11

Қосымша әдебиет:12

4-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқудың басымдылығы.

**Сұрақтар:** 1. Жылдам оқудың тиімділігі.

2. Әдеби тілінің функционалды стилі және жылдам оқу.

3. Жылдам оқу және түсініп оқу.

**Тапсырмалар:** М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген жылдам оқудың тәсілдерін негізге ала отырып, функционалды стильдің әрбір түрімен жұмыс жүргізу: мәтінді жылдам оқып, мазмұнын айту.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** «Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2,3,4

Негізгі әдебиет: 5,10,11

Қосымша әдебиет:12

5-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқудың басымдылығы

**Сұрақтар:** 1.Оқығаныңызды есте сақтау жолдары;

2. Жылдам оқудан рекорд орнатқан тұлғалар.

**Тапсырмалар:** М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» деген еңбегінің мәтінімен жұмыс (123-124-бб.): түсініп оқу, 5 сұрақ

жазу.

«Жылдам оқу басымдылығы» деген тақырып бойынша сөзжұмбақ, ребус құрастыру.

Бейнематериалмен жұмыс: 3 сұрақ құрастыру.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** презентация көріністерінде берілген сұрақтарға жауап беру, INSERT жүйесімен жұмыс.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5

Қосымша әдебиет: 12,13

Интернет көзі: 26

6-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқудың басымдылығы

**Сұрақтар:** 1. Көп кітап оқудың пайдасы бар ма?

2. Оқырманға кеңес.

**Тапсырмалар:** М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» деген еңбегінің мәтінімен жұмыс (13-15-бб.): түсініп оқу, 5 сұрақ жазу.

«Жылдам оқу басымдылығы» деген тақырып бойынша қосымша ақпарат жинау.

Бейнематериалмен жұмыс: 3 сұрақ құрастыру.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** презентация көріністерінде берілген деңгейлік тапсырмаларды орындау, INSERT жүйесімен жұмыс.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5

Қосымша әдебиет: 12,13

Интернет көзі: 26

## Тақырып 2. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәжірибелік – 6 сағат**

1-сабақ – 1сағат. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Сұрақтар:** 1.Көру, есте сақтау қабілеті туралы түсінік.

2. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту тәсілдері.

**Тапсырмалар:** Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тапсырманы орындаңыз.

Есте сақтау – жадында тұту. Ес үдерістерінің бірі, жаңадан түсіп жатқан ақпаратты жадыға енгізуді белгілейді. Есте сақтау динамикасын психодиагностикалау әдістемесі – адамның есте сақтауының динамикалық сипаттарын анықтауға көмектесетін психодиагностикалық әдістемелер, көбіне бұл әдістемелер адам қаншалықты тез есте сақтайтынын және ақпаратты өңдеуін анықтайды [20]

Есте сақтау қабілетін дамытуда мынадай ережелерді ұстанғанымыз жөн.

*Бірінші ереже – салыстыру.* Яғни біз бір фактні есте сақтауымыз керек болса, онда міндетті түрде басқа бір фактімен салыстыруымыз керек [21].

*Екінші ереже – жүйелі түрде ассоцияциялау.* Мысалы, сөздердің бір қатарын орнын ауыстырмай жаттау керек болса, «сөз тізбегі» әдісін қолданамыз [21].

Тапсырмалар:

1. Мәтінге қандай тақырып қояр едіңіз?
2. Мәтін мазмұнына жоспар құрыңыз.
3. Мәтіннен Сізге таныс емес мәліметті көрсетіңіз.
4. Мәтіндегі басты ақпаратты беріп тұрған сөйлемді жазыңыз.
5. Мәтінге байланысты 5 сұрақ жазыңыз.

М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс (57-58-бб.): түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

Э.Оразалиеваның «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» еңбегінің 31-32-беттерінде берілген мәтінмен жұмыс: түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

Венн диаграммасын толтырыңыз:

| Көру қабілеті | | Есте сақтау қабілеті |
|---|---|---|
| | | |

INSERT жүйесін толтырыңыз.

| Нені білдім? | Бүгінгі сабақтан қандай білім алдым? | Нені білгім келеді? |
|---|---|---|

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау, бейнематериалмен, Венн диаграммасын толтыру, INSERT жүйесімен жұмыс жүргізу.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5

Қосымша әдебиет:13

Интернет көзі: 26

2-сабақ – 1 сағат. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Сұрақтар:** 1. Ес және зейін.

2. Шульте кестесі. 2-3-5-3-2 техникасы.

**Тапсырмалар:** Өлеңді түсініп оқып, төмендегі тапсырманы орындаңыз.

**Қазақ тілі**

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр – бүгін қорқақ бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суынған, жүрек солғын соғады.
Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,

Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды.
Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың?
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті кең тілім,
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

(М. Жұмабаев)

Тапсырма:

1.Ақын өмірі мен шығармашылығын өлең идеясымен сабақтастыра әңгімелеңіздер.

2.«Күш кеміді, айбынды ту құлады» осындағы символдық кейіпкер халық па, тіл ме?

3.Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды табыңыздар. Жеке сөз және сөз тіркесі қалпында жұмсалуында қандай айырмашылықтар бар?

4.Өлеңнен тілдің қандай белгі, қасиеттері көрсетілген?

5.Өлеңді жаттап алыңыздар. (Қапасова Б.Қ. Тіл мәдениеті. Шешендік өнер» оқулығы, 8-б.).

М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс (59-64б.): «Көздің көру шекарасын кеңейту» деген мәтінді түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

Шульте кестесімен, 2-3-5-3-2 техникасымен жұмыс (ерекшеліктері туралы оқу, түсіндіру) (59-66-бб.).

Венн диаграммасын толтырыңыз:

| Ес (жад) | | Зейін |
|---|---|---|

INSERT жүйесін толтырыңыз.

| Нені білдім? | Бүгінгі сабақтан қандай білім алдым? | Нені білгім келеді? |
|---|---|---|
| | | |

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау, Венн диаграммасын толтыру, INSERT жүйесімен жұмыс жүргізу.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5,6

Қосымша әдебиет:13

3-сабақ – 1 сағат. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

Сұрақтар: 1.Кітапты дұрыс таңдай білу.

2. Кітапты не үшін оқисыз? Пайда алу үшін бе, ой-өрісті кеңейту үшін бе?

**Тапсырмалар:** Есте сақтау қабілетін дамытуда қолданылатын ережелерді пайдаланып, берілген әр түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс жүргізу.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** «Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2,3,4

Негізгі әдебиет: 5,10,11

Қосымша әдебиет:13

4-сабақ – 1 сағат. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Сұрақтар:** 1. Ұсыныс

2. Кітапты тез шолу

3. Мазмұнын қарау.

**Тапсырмалар:** Есте сақтау қабілетін дамытуда қолданылатын ережелерді пайдаланып, берілген мәтіндермен жұмыс жүргізу.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** «Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу, мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2,3,4

Негізгі әдебиет: 5,10,11

Қосымша әдебиет:13

5-сабақ – 1-сағат. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту

**Тапсырма:** «Көру, есте сақтау қабілетін дамыту» деген тақырып бойынша қосымша ақпарат жинау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 10 бабының атауларын есте сақтау.

Бейнематериалмен жұмыс: 3 сұрақ құрастыру.

Презентация көріністерінде берілген сұрақтарға жауап беру, INSERT жүйесімен жұмыс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің баптары бойынша ребус, сөзжұмбақ құрастыру.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу, мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5,8,11

Қосымша әдебиет: 12,13, 15,16,17

Интернет көзі: 26

6-сабақ – 1 сағат. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Сұрақтар:** 1. Көру, есте сақтау қабілетін дамыту жұмыстары.
2. 50 бет қағидасы.
3. Конспект.

**Тапсырмалар:** «Көру, есте сақтау қабілетін дамыту» деген тақырып бойынша қосымша ақпарат жинау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 10 бабының атауларын есте сақтау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 5 бабының атаулары туралы сұрақтар жазу.

Презентация көріністерінде берілген сұрақтарға жауап беру, INSERT жүйесімен жұмыс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің баптары бойынша ребус, сөзжұмбақ құрастыру.

Берілген бейнематериалмен жұмыс: 3 сұрақ құрастыру.

Отан, тіл туралы 1 өлең жаттау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Әдебиет үйірмесі» тәсілін қолданып, топтық жұмыс жүргізу, мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2,3,4

Негізгі әдебиет: 5,8,11

Қосымша әдебиет: 12,13, 15,16,17

Интернет көзі: 26

## Тақырып 3. Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету.

**Тәжірибелік – 6 сағат**

1-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету.

**Сұрақтар:** 1.Көздің көру шекарасын кеңейту.
2. Шульте кестесі;
3. 2-3-5-3-2 техникасы;
4. Тіркеспен оқу.

**Тапсырмалар:**

М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс (59-73-бб.): түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

*Мәтіндер:*

Шульте кестесі;

2-3-5-3-2 техникасы;

Тіркеспен оқу.

Венн диаграммасын толтырыңыз:

| Шульте кестесі | | 2-3-5-3-2 техникасы |
|---|---|---|

INSERT жүйесін толтырыңыз.

| Нені білдім? | Бүгінгі сабақтан қандай білім алдым? | Нені білгім келеді? |
|---|---|---|

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау, Венн диаграммасын толтыру, INSERT жүйесімен жұмыс жүргізу.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5,8,11

Қосымша әдебиет:14,15,16,17

2-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету.

**Сұрақтар:** 1. Метроном әдісі;

2. Диагональді оқу;
3. Вертикальді оқу;
4. Фотожады.

**Тапсырмалар:** М.Кесебаевтың «Жылдам оқы, 5 есе тез әрі түсініп оқу тәсілдері» еңбегінде берілген мәтіндермен жұмыс (93-115-бб.): түсініп оқу, терең мазмұнды 5 сұрақ жазу.

*Мәтіндер:*

Метроном әдісі;

Диагональді оқу;

Вертикальді оқу;

Фотожады.

Венн диаграммасын толтырыңыз:

| Диагональді оқу | | Вертикальді оқу |
|---|---|---|

INSERT жүйесін толтырыңыз.

| Нені білдім? | Бүгінгі сабақтан қандай білім алдым? | Нені білгім келеді? |
|---|---|---|

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** мәтінмен жұмыс, берілген тапсырмаларды жазбаша орындау, Венн диаграммасын толтыру, INSERT жүйесімен жұмыс жүргізу.

**Әдебиеттер тізімі:**

Нормативтік құқықтық актілер:1,2

Негізгі әдебиет: 5,7,8,9,10,11

Қосымша әдебиет:12

3-сабақ – 1 сағат. Жылдам оқу тәсілдеріне үйрету.

**Сұрақтар:** 1. Регрессияға «жоқ» деп айтыңыз.

2. Артикуляциясыз оқу.

**Тапсырмалар:** Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тапсырманы орындаңыз.

Жылдам оқуға байланысты барлық әдістер, курстар бірнеше негізгі ережелерге негізделеді:

**Регрессияға «жоқ» деп айтыңыз**. Оқиғаның ішінде сіз бұрынғы сөйлемге, сөз тіркесіне абайсызда қайтуыңыз керек болды ма? Көздің мұндай қайтару қозғалысы сапалы оқуға зиян тигізеді. Осылайша, мәтіннің баяу оқылуы кезінде регрессия жағдайлары шамамен 20 рет болғаны ғылыми дәлелденген. Бейнелеп айтқанда, бұл көрсеткіш бойынша бір күнді дерлік оқуға болады. Оқуды тез оқып үйрену осы жаман әдетті қабылдамайды. Оның жоқтығынан жылдамдықты үш есе ұлғайтамыз, ал оқылған параграфты түсіну сапасы 5 есеге артады.

**Қалпына келтіру**. Бұл, айталық, регрессияның антонимдері. Оқырман басқа тарауға ауысады. Бірақ мұнда ол алдыңғы тараудағы ақпараттардан шабыттанып, кейбір ойларға таң қалды. Мұнда оның қайтып келуі алынған ақпараттарды ассимиляциялау үшін негізделген және тіпті пайдалы деп санауға болады.

